

2022 жылғы 7 маусым

**«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
2022 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржы нәтижелері**

Нұр-Сұлтан, 2022 жылғы 7 маусым – Қазақстанның тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясы «КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (**бұдан әрі-«ҚМГ», «Компания»**) 2022 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдың «Аралық қаржылық есептілік» 34-ші халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған, тәуелсіз аудитордың аралық қаржылық ақпаратын шолып тексеру нәтижелері жөніндегі есебі бар аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржы есептілігін жариялайды.

2022 жылдың бірінші тоқсанындағы негізгі қаржы көрсеткіштері¹:

- 2022 жылдың бірінші тоқсанындағы түсім 2021 жылдың бірінші тоқсанындағы 1 192 млрд. теңгемен (2 840 млн. АҚШ долл.) салыстырғанда 64,1 %-ға артып, 1 957 млрд теңгені (4 279 млн АҚШ долл.) құрады.
- EBITDA көрсеткіші 2021 жылдың бірінші тоқсанындағы 318 млрд. теңгемен (758 млн. АҚШ долл.) салыстырғанда 39,5 %-ға артып, 444 млрд. теңгені (971 млн АҚШ долл.) құрады;
- Компанияның есепті кезеңдегі таза пайдасы 0,5 %-ға ұлғайып, 287 млрд. теңгені (628 млн АҚШ долл.) құрады. Кезең ішінде бас компанияның акционерлеріне тиесілі таза пайда 312 млрд теңгені (682 млн АҚШ долл.) құрады.
- Еркін ақша ағыны 2021 жылдың бірінші тоқсанындағы 35 млрд. теңгемен (83 млн. АҚШ долл.) салыстырғанда -40 млрд теңгені (-88 млн АҚШ долл.) құрады.;
- 2022 жылғы 31 наурыздағы жалпы қарыз 2021 жылғы 31 желтоқсандағы 3 746 млрд. теңге (8 676 млн. АҚШ долл.) деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 3,5%-ға көбейіп, 3 878 млрд теңгені (8 317 млн АҚШ долл.) құрады.
- 2022 жылғы 31 наурыздағы компанияның таза қарызы 2021 жылғы 31 желтоқсандағы 2 204 млрд. теңге (5 104 млн. АҚШ долл.) деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 2 189 млрд теңгені (4 694 млн АҚШ долл.) құрады.

Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	2022 жылғы 1-тоқсан	2021 жылғы 1-тоқсан	%
Мұнай, Dated Brent ²	\$/барр.	102,23	61,12	67,3%
Мұнай, Dated Urals ²	\$/барр.	90,60	60,05	50,2%
Орташа бағам	теңге/ АҚШ долл.	457,41	419,94	8,9%
Түсім	млрд теңге	1 957	1 192	64,1%
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан	млрд теңге	317	142	122,9%

¹ Сомалар қолайлы болу үшін АҚШ долларында тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы бойынша көрсетілген (2022 және 2021 жылдардың бірінші тоқсанындағы орташа бағамдар 457,41 және 419,94 теңге/АҚШ долларын құрады. 2021 жылғы 31 наурыздағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы бағамдар 466,31 және тиісінше 431,80 теңге/АҚШ долларын құрады.).

² Дереккөзі: S&P Global Platts.

компаниялардың пайдасындағы үлесі				
Таза пайда	млрд теңге	287	286	0,5%
Кезең ішінде бас компанияның акционерлеріне тиесілі таза пайда	млрд теңге	312	287	8,8%
ЕБИТДА ³	млрд теңге	444	318	39,5%
ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші ⁴	млрд теңге	179	176	1,7%
Күрделі шығындар (есептеу әдісі бойынша)	млрд теңге	73	52	40,9%
Күрделі шығындар (кассалық әдіс бойынша)	млрд теңге	76	82	-6,5%
Еркін ақша ағыны ⁵	млрд теңге	-40	35	-215,7%
Жалпы қарыз ⁶	млрд теңге	3 878	3 746	3,5%
Таза қарыз ⁷	млрд теңге	2 189	2 204	-0,7%

2022 жылдың бірінші тоқсанындағы өндіріс нәтижелері⁸:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 3,2%-ға өсіп, 5 484 мың тоннаны құрады;
- Мұнай тасымалдау көлемі 18 309 мың тоннаны құрап, іс жүзінде өзгеріске ұшырамады,;
- Қазақстандық және румыниялық МӨЗ-де көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 4 566 мың тоннаны құрады.

Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	2022 жылғы 1-тоқсан	2021 жылғы 1-тоқсан	%
Мұнай өндіру	мың тонна	5 484	5 314	3,2%
Газ өндіру	млн м ³	2 145	1 986	8,0%
Мұнай тасымалдау	мың тонна	18 309	18 327	-0,1%
Мұнай өңдеу	мың тонна	4 566	4 662	-2,1%

³ ЕБИТДА = кіріс плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто, сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құнын шегеру, өндірістік шығыстарды шегеру, жалпы және әкімшілік шығыстарды шегеру, тасымалдау және сату жөніндегі шығыстарды шегеру, табыс салығынан басқа салықтар.

⁴ ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші = сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құнын, өндірістік шығыстарды, жалпы және әкімшілік шығыстарды, тасымалдау және сату шығыстарын, табыс салығынан басқа салықтарды алып тастағанда, кіріске қоса бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд.

⁵ Еркін ақша ағыны = негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау және бағалау активтерін сатып алуды қоспағанда, операциялық қызметтен алынған ақша ағыны. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер кіреді ақша ағымы, операциялық қызметтен алынған.

⁶ Есепті кезеңнің соңындағы жалпы қарыз = облигациялар плюс қарыздар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

⁷ Есепті кезеңнің соңындағы таза қарыз: облигациялар плюс қарыздар ақшалай қаражат пен оның баламаларын алып тастағанда, банк салымдарын алып тастағанда (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

⁸ Өндіріс көрсеткіштері бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы ҚМГ иелену үлесіне сәйкес және шоғырландырылған еншілес ұйымдар үшін көрсеткіштердің 100% көрсетілген. Толығырақ ақпарат 2022 жылдың бірінші тоқсанындағы өндірістік нәтижелер туралы баспасөз хабарламасынан оқи аласыз: <https://www.kmg.kz/rus/investoram/reporting-and-financial-result/>.

2022 жылдың бірінші тоқсандағы қаржы нәтижелеріне шолу⁹

Түсім

2022 жылдың бірінші тоқсанындағы түсім 1 957 млрд теңгені (4 279 млн АҚШ долл.) құрады. Бұл 2021 жылдың бірінші тоқсанындағы көрсеткіштен 64,1%-ға жоғары.

Түсім динамикасына Brent маркалы мұнай бағасының жылдан жылға 67,3%-ға өсуі оң ықпал етті.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі

2022 жылғы бірінші тоқсанында бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі негізінен «Теңізшевройл» ЖШС пайдасының 111 млрд. теңгеге (242 млн АҚШ долл.), «ҚМГ Қашаған Б. В.» ЖШЖК пайдасының 36 млрд. теңгеге (78 млн АҚШ долл.), «Маңғыстау Инвестментс Б.В.» пайдасының 22 млрд. теңгеге (49 млн АҚШ долл.) өсуі нәтижесінде екі еседен астамға артып, 317 млрд теңгені (693 млн АҚШ долл.) құрады.

ЕБИТДА

ЕБИТДА көрсеткіші 2021 жылдың бірінші тоқсанындағы 318 млрд. теңгемен (758 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 2022 жылдың бірінші тоқсанында 39,5%-ға артып, 444 млрд. теңгені (971 млн АҚШ долл.) құрады. Бұл көрсеткішке бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың, соның ішінде «Теңізшевройл» ЖШС пайдасының өсуі айтарлықтай әсер етті.

Түзетілген ЕБИТДА көрсеткіші

2022 жылдың бірінші тоқсанындағы бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлесті қоспағанда, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтерді көрсететін ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші жылдан жылға 1,7% өсімді көрсетіп, 179 млрд теңгені (392 млн АҚШ долл.) құрады.

Таза пайда

Компанияның таза пайдасы 2021 жылдың бірінші тоқсанындағы 286 млрд теңгеден (681 млн АҚШ долл.) 2022 жылдың бірінші тоқсанында 287 млрд. теңгеге дейін (628 млн АҚШ долл.) шамалы өсті.

Кезең ішінде бас компанияның акционерлеріне тиесілі таза пайда 312 млрд теңгені (682 млн АҚШ долл.) құрады.

Өзіндік құн

Есепті кезеңде сатып алынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен өзге материалдардың өзіндік құны 2021 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 101,3%-ға өсіп, 1 466 млрд теңгені

⁹ 2021 жылғы 11 наурызда Компания мен Самұрық-Қазына «ҚазТрансГаз» АҚ (бұдан әрі – «ҚТГ») 100% жай акциясына қатысты сенімгерлік басқару шартына қол қойды. 2021 жылғы 9 қарашада Компания Самұрық-Қазынаға ҚТГ 100% акциясын 1 теңгеге сатып, сенімгерлік басқару шартының күші тоқтатылды. Мәміле алдында бірқатар заңды және қаржылық шарттарды орындау, оның ішінде мемлекеттік органдар мен ҚМГ кредиторларының келісімдерін алу керек болды. Шарттардың соңғысы 2021 жылғы 8 қарашада орындалды. 2021 жылғы 8 қарашадан бастап ҚТГ тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді. Толық ақпарат 2022 жылдың 31 наурызында аяқталған үш айдың аралық қысқартылған шоғырланған қаржы есептілігінің 4-ші ескертпесінде берілген.

(3 204 млн АҚШ долл.) құрады. Өзіндік құн негізінен мұнайдың орташа бағасының өсуіне және теңгенің АҚШ долларына қатысты орташа айырбастау бағамының әлсіреуіне байланысты ұлғайды.

Операциялық шығыстар

2022 жылдың бірінші тоқсанындағы өндіріс шығындары KMG International N.V. компаниясының тариф мөлшерлемесінің қымбаттауына байланысты электр энергиясына жұмсалатын шығынның өсуі және жалпы ҚМГ бойынша өңірлердегі қызметкерлердің жалақысына шығынның өсуі салдарынан 2021 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 32,4%-ға артып, 190 млрд. теңгені (416 млн АҚШ доллары) құрады.

Тасымалдау және сату шығыстары 32 млрд теңгені (69 млн АҚШ долл.) құрады. Бұл 2021 жылғы бірінші тоқсандағы көрсеткіштен 3,5% - ға жоғары.

Жалпы және әкімшілік шығындар қызметкерлер еңбекақысының өсуіне байланысты 26,2%-ға 33 млрд теңгеге дейін (71 млн АҚШ долл.) өсті.

Табыс салығынан басқа салық 2022 жылдың бірінші тоқсанында негізінен мұнай бағасының қымбаттауына байланысты ренталық салық пен ПҚӨС бойынша шығыстардың ұлғаюы нәтижесінде 24,6%-ға өсіп, 110 млрд теңгені (240 млн АҚШ долл.) құрады.

2022 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржы шығындары 84 млрд.теңгені (183 млн АҚШ долл.) құрады. Бұл 2021 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 43,8%-ға көп, бұның басты себебі – Eximbank-тен алынған қарыз мерзімінен бұрын төленгендіктен бұған дейін танылған шығын есептен шығарылды.

Күрделі шығындар

2022 жылдың бірінші тоқсанында Компанияның күрделі шығындары (есептеу әдісі бойынша, сегменттік есептілікте ашылған) өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 40,9%-ға ұлғайып, негізінен Петромидия МӨЗ-інде жүргізілген жөндеу жұмыстарының арқасында 73 млрд теңге (159 млн АҚШ долл.) болды.

Қарызды басқару

Борыш жүктемесінің көрсеткіштері

	Өлшем бірлігі	2022 жылғы 31 наурыз	2021 жылғы 31 желтоқсан	%
Облигация	млрд теңге	2 961	2 706	9,4%
Қарыз	млрд теңге	917	1 040	-11,8%
Жалпы қарыз	млрд теңге	3 878	3 746	3,5%
Шоғырландыруға кірмейтін қаржы кепілдігі	млрд теңге	0	1,6	-100,0%
Кепілдік міндеттемелер ескерілген жалпы қарыз	млрд теңге	3 878	3 748	3,5%

Дөңгелектеу нәтижесінде сандар қосылмауы мүмкін.

2022 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша жалпы қарыз мөлшері 3 878 млрд теңгені (8 317 млн АҚШ долл.) құрады. Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамның әлсіреуі нәтижесінде 2021 жылдың 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда теңгемен 3,5%-ға өсті (доллармен

есептегенде 4,1%-ға төмендеді). Бұл ретте 2022 жылғы 18 ақпанда «АстанаГаз ҚМГ» АҚ міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде Компанияның шоғырлануына кірмейтін 1,6 млрд. теңге мөлшеріндегі қаржы кепілдігінің күші жойылды.

2022 жылғы қаңтарда «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ) сыйақыны қоса алғанда Eximbank-тің 604 млн АҚШ доллары (259 млрд теңге) сомасындағы қарызын мерзімінен бұрын толық өтеді. Ол үшін 2021 жылғы қарашада резервке қойылған қаражат пайдаланылды.

2022 жылғы бірінші тоқсанда KPMG International N.V. айналым капиталын қаржыландыру үшін мынадай қарыз алды: 150 млн. АҚШ доллары (68,6 млрд теңге) мөлшерінде синдикатталған қарыз, Natixis-тен 52 млн АҚШ доллары (24,0 млрд. теңге) сомасында қысқа мерзімді қарыз, BCP-ден 37 млн АҚШ доллары (17,1 млрд теңге) сомасында қысқа мерзімді қарыз, Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ Ltd-ден 32 млн. АҚШ доллары (14,7 млрд. теңге) сомасында қысқа мерзімді қарыз.

Есепті кезеңде KPMG International N.V. ING Bank NV-дің 56 млн АҚШ доллары (25,5 млрд. теңге) сомасындағы қысқа мерзімді қарызын да өтеді.

Таза қарыз

2022 жылғы 31 наурызда компанияның таза қарызы 2 189 млрд теңгені (4 694 млн АҚШ долл.) құрап, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішке қарағанда 0,7%-ға азайды.

Ақша қаражаты

Шоғырландырылған ақша қаражаты, олардың баламалары және депозит түріндегі ақша қаражаты

	Өлшем бірлігі	2022 жылғы 31 наурыз	2021 жылғы 31 желтоқсан	%
Ақша қаражаты және оның баламалары	млрд теңге	1 057	976	8,3%
Қысқа мерзімді депозиттер	млрд теңге	573	511	12,1%
Ұзақ мерзімді депозиттер	млрд теңге	60	56	7,3%
Ақша қаражаты мен олардың баламалары және депозит түріндегі ақша қаражаты	млрд теңге	1 689	1 542	9,5%

Дөңгелектеу нәтижесінде сандар қосылмауы мүмкін.

Шоғырландырылған ақша қаражаты, олардың баламалары, оның ішінде депозит түріндегі ақша қаражаты 2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 2021 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 9,5%-ға ұлғайып, 1 689 млрд. теңгені (4 694 млн АҚШ долл.) құрады. Ақша қаражаты мен оның баламаларының ұлғаюы негізінен теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының әлсіреуіне байланысты болды. Доллар түрінде шоғырландырылған ақша қаражаты, олардың баламалары 2021 жылғы 31 желтоқсандағы 3 572 млн. АҚШ доллары деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 1,4%-ға 3 623 млн. АҚШ долларына дейін көбейді.

2022 жылдың басынан бергі басты корпоративтік оқиғалар:

- 2022 жылғы 21 қаңтарда АМӨЗ сыйақыны қоса алғанда, Eximbank-тен алынған 604 млн. АҚШ доллары (259 млрд теңге) сомасындағы қарызды мерзімінен бұрын толық өтеді.

- 2022 жылғы 22 наурызда Қара теңізде қатты дауылдың салдарынан Новороссийск маңындағы Каспий Құбыры Консорциумының теңіз терминалында апат болып, салдарынан үш жылжымалы айлақ құрылғысының екеуі істен шықты. Қажетті жөндеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін 2022 жылғы 23 сәуірден бастап терминал өз жұмысын қалыпты режимде бастады.
- 2022 жылғы 15 сәуірде М.М. Мырзағалиев ҚМГ Басқарма төрағасы болып тағайындалды.
- 2022 жылғы 6 мамырда Компания «Самұрық-Қазына» АҚ мен ҚР Ұлттық Банкінің шешіміне сәйкес 2021 жылға бір акцияның құны 327,80 теңге жалпы сомасы 200 млрд теңгеге дивиденд төлейтіні туралы жариялады.
- 2022 жылдың басынан бері ҚМГ Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрылымында жаңа тағайындаулар болды. 2022 жылғы 7 маусымдағы жағдай бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамы 8 адамнан тұрады (К.Д. Уолтон - Директорлар кеңесінің төрағасы, М.М. Мырзағалиев, Ұ.С. Қарабалин, Е.Б. Жанәділ, Ғ.Қ. Ауғанов, Ф.М. Холланд, Т.Г. Миллер, Ә.Ә. Хаирова), ҚМГ Басқармасы құрамында 5 адам бар (М.М. Мырзағалиев – Басқарма төрағасы, Қ.О. Есқазиев, Д.С. Қарабаев, М.К. Мұнбаев, Д.Е. Абдулғафаров).

Толық ақпаратты мына сілтеме бойынша оқи аласыз:
<https://www.kmg.kz/rus/investoram/reporting-and-financial-result/> .

Байланыс деректері:

ir@kmg.kz

тел: +7 (717) 2 78 63 43

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ туралы:

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдау, өңдеу және мамандандырылған қызметтерді көрсетуге дейін барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүддесін қорғайды.

ҚМГ негізгі активтері:

Барлау және өндіру: Өзенмұнайгаз (ӨМГ) – 100%, Ембімұнайгаз (ЕМГ) – 100%, Қазақтүрікмұнай (ҚТМ) – 100%, ҚазМұнайТеңіз – 100%, Өріктау (УО) – 100%, Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) – 50%, Қазгермұнай (ҚГМ) – 50%, Қаражанбасмұнай (ҚБМ) – 50%, Қазақойл Ақтөбе (ҚОА) – 50%, ПетроҚазақстан Инк (ПКИ) – 33%, Теңізшевройл (ТШО) – 20%, Қарашығанақ (КПО) – 10%, Қашаған – 8,44%.

Мұнай тасымалдау және газ маркетингі: ҚазТрансОйл – 90%, Қазақстан-Қытай Құбыры – 50%, Мұнай Тас – 51%, Batumi Oil Terminal – 100%, КҚК – 20,75%, Қазақтеңізкелікфлоты – 100%, ҚазРосГаз – 50%.

Өңдеу: ПМХЗ – 100%, АМӨЗ – 99,53%, ПҚОП – 49,72%, KMG International – 100% (Петромидия – 54,63%, Вега – 54,63%).